# Қазақстан Республикасының кейбір соттарын құру және қайта атау және Қазақстан Республикасы соттарының кадр мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 973 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабының 1-тармағына, 10-бабының 1-тармағына, 31-бабының 2, 8-тармақтарына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Мыналар:

Абай, Жетісу, Ұлытау облыстық соттары;

Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттары;

Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттары;

Абай облысы Семей қаласының, Алматы облысы Қонаев қаласының және Ұлытау облысы Жезқазған қаласының мамандандырылған тергеу соттары;

Алматы облысы Қонаев қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты;

Ұлытау облысы Жезқазған қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты құрылсын.

2. Мыналар:

Алматы облысы бойынша:

Алматы облысының Қапшағай қалалық соты Алматы облысының Қонаев қалалық соты деп;

Алматы облысының № 2 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Алматы облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты деп;

Алматы облысының № 2 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты деп;

Алматы облысының № 1 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Жетісу облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты деп;

жаңадан құрылған Жетісу облысының аумақтық соттылығына жатқызылған Алматы облысының аудандық және оған теңестірілген соттары Жетісу облысының аудандық және оған теңестірілген соттары деп;

Қарағанды облысы бойынша:

Қарағанды облысының № 2 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Ұлытау облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты деп;

Қарағанды облысының № 2 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты Ұлытау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты деп;

жаңадан құрылған Ұлытау облысының аумақтық соттылығына жатқызылған Қарағанды облысының аудандық және оған теңестірілген соттары Ұлытау облысының аудандық және оған теңестірілген соттары деп;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша:

Шығыс Қазақстан облысының № 2 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Абай облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты деп;

Шығыс Қазақстан облысының № 2 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты Абай облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты деп;

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай аудандық соты Абай облысының Ақсуат аудандық соты деп;

жаңадан құрылған Абай облысының аумақтық соттылығына жатқызылған Шығыс Қазақстан облысының аудандық және оған теңестірілген соттары Абай облысының аудандық және оған теңестірілген соттары деп;

Шығыс Қазақстан облысының № 1 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Шығыс Қазақстан облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты деп;

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданының № 2 аудандық соты Шығыс Қазақстан облысының Самар аудандық соты деп;

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының № 2 аудандық соты Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай аудандық соты деп аталсын.

3. Судья қызметіне:

**Әбдуалиева Назгүл Саттарқызы**
Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;

**Байжұманова Раушангүл Зәкиқызы**
Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;

Бекішева Күлпән Әбдірахманқызы
Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;

Берікболов Ернар Бұқарбайұлы
Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;

Данняров Талғат Тоқтарұлы
Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;

Жұмақсанов Елдос Шағанұлы

| | |
|---|---|
| Абай облыстық сотына | Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Исмағұлов Айкен Ермұқанұлы<br>Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Қайырбаева Лаура Еркінқызы<br>Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Қалымова Қарлығаш Қабидоллақызы<br>Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Манжуева Шолпан Серікбекқызы<br>Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Тайтөлеуов Бауыржан Қабыкенұлы<br>Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Төбелбасова Құралай Асқарбекқызы<br>Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |
| Жетісу облыстық сотына | Аханова Жанар Әзелқызы<br>Алматы облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Әбділдин Ерлан Әукенұлы<br>Алматы облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Жүрханов Айдын Елемесұлы<br>Алматы облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Иманханов Қайрат Мәметайұлы**<br>Алматы облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Құлбеков Арман Шәріпұлы<br>Алматы облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Теміралиева Ақмарал Сәбитқызы<br>Алматы облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |
| Ұлытау облыстық сотына | **Әлкеев Қайырден Сәбиғоллаұлы**<br>Қарағанды облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Шайқамалов Қанат Жандарбекұлы<br>Қарағанды облыстық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |
| **Абай облысы бойынша:** | |
| | **Ерғалиева Әлия Төлеуғалиқызы**<br>Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Майжанова Айнұр Мұхаметқанқызы |

| | |
|---|---|
| мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына | Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Молдағожина Айтжамал Темірханқызы<br>Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |
| Семей қаласының мамандандырылған тергеу сотына | **Ахметова Анар Темірғазықызы**<br>осы облыстың Семей қаласы № 2 сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |

**Жетісу облысы бойынша:**

| | |
|---|---|
| қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына | **Арыстанбеков Жарас Себжанұлы**<br>Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Бақытов Әділет Бақытұлы<br>Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |
| мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына | **Башенова Гүлсұлу Мырзағалиқызы**<br>Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Ибрагимова Жанар Мұхадиқызы<br>Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Сәдуақасова Маржан Маратқызы<br>Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |

**Ұлытау облысы бойынша:**

| | |
|---|---|
| Жезқазған қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына | **Есібаева Роза Мұхамедқызы**<br>осы облыстың Жезқазған қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып |

тағайындалсын.

4. Қайта аталатын соттардың төрағалары мен судьялары қайта аталған соттардың төрағалары мен судьялары болып есептелсін.

5. Мыналар:

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының ) Абай облысы бойьшша Соттар әкімшісі" республикалық мемлекеттік мекемесі;

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының ) Жетісу облысы бойынша Соттар әкімшісі" республикалық мемлекеттік мекемесі;

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының

) Ұлытау облысы бойынша Соттар әкімшісі" республикалық мемлекеттік мекемесі құрылсын.

6. Күші жойылды – ҚР Президентінің 19.01.2023 № 106 Жарлығымен.

7. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

8. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті* *Қ.Тоқаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК